



ТАЛАПКЕРДІҢ  
ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАСТЕРЛІ НЫШАҢДАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗЫ. БІЗ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ АЯҚ АСТЫ ЕТУГЕ ЖОЛ БЕРМЕЙМІЗ. БИЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ҚОРЛАҒАН АДАМДАРДЫ ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ. ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНІП ЖАТЫР. ОТАНШЫЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ҚАСТЕРЛЕУДЕН БАСТАЛАДЫ. БІЗ ҰЛТТЫҚ НЫШАҢДАРЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУ АРҚЫЛЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ҰЛГІ-ӨНЕГЕ КӨРСЕТЕМІЗ. ОЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІК, ЖАСАМПАЗДЫҚ, РУХТА ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ.

№66  
(4499)

Сейсенбі  
6 маусым  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҚҰРЫЛЫС КӨЛЕМІ ҚЫСҚАРАДЫ

Астанада құрылыстың жеткілікті деңгейде инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілмеуі өзекті мәселе болып тұр. Бұл туралы Премьер-министр Әлихан Смайылов мәлім етті.

«Елорда қазір осындай проблемаға тап болып отыр. Астанада энергия ресурстары жетіспейді, сумен қамтамасыз ету мәселесі қатты сезілуде. Осыған байланысты тұрғын үйді пайдалануға берудің жоспарланған көлемі азайтылды. Басқа өңірлерде осындай жағдайларға жол бермеу үшін барлық әкімдіктер елді мекендердің перспективалық дамуына тиісті талдау жүргізуі қажет» деп атап өтті Үкімет басшысы.



## АСТАНАДАН – АНТАЛИЯҒА

Mavi Gök Aviation әуекомпаниясы Анталия-Астана-Анталия жаңа рейсін ашты.

Алғашқы рейсті кеше түнде 189 орындық Boeing 737-800 ұшағы орындады. Ұшу уақыты 5,5 сағатқа созылды.

Енді бұл рейс Қазақстанның астанасы мен Түркияның Жерорта теңізіндегі курорты арасында аптасына екі рет – сәрсенбі және жексенбі күндері тікелей ұшатын болады.

Ал шілде айынан бастап түркиялық әуекомпания Анталия мен Астана арасында ұшатын ұшақты 300-ден астам жолаушы орны бар Boeing 777-300ER-ге ауыстыруды да жоспарлап отыр.



# ТУЫМЫЗ ТҰҒЫРДАН ТҮСПЕСІН!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Ең алдымен, Құрмет қарауылы ротасының бастығы рәсімге дайындығы жөнінде Президентке рапорт берді. Содан кейін Мемлекеттік әнұран шырқалып, көк байрағымыз көтерілді.

2

## ҚҰРБАН АЙТ ҚАШАН?

Қазақстанда биылғы Құрбан айт 28, 29, 30 маусым күндері аталып өтеледі.

Қазақстан заңнамасы бойынша Құрбан айттың бірінші күні – демалыс болып саналады. Осыған орай Үкіметтің қаулысына сәйкес қазақстандықтар маусым айында әдеттегі демалыс күндерінен бөлек, тағы бір күн қосымша демалыс алады. Атап айтқанда, 28 маусым сәрсенбі күніне келетіндіктен, осы күн Құрбан айттың бірінші күні ретінде демалыс күні болады.

Құрбан айт – Ораза айттан кейін 70 күн өткен соң келетін мейрам. Мұсылман қауымы үшін Құрбан айт қатарынан үш күн болады.

## АСТАНА ТУРАЛЫ ӘНДЕР БАЙҚАУЫ

Елорданың 25 жылдығына орай Астана туралы үздік әндерге байқау жарияланды. Байқауды Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Elorda Aqparat» медиасеріктестігі (Қазақстан композиторлар одағымен бірлесе) ұйымдастырады.


Конкурсқа Астана туралы мемлекеттік және орыс тілде жарыққа шыққан әндер қабылданады.

Ең үздік жұмыстар Астананың 25 жылдығына арналған ән жинағына енетін болады. Сондай-ақ байқау қорытындысымен елордада «Ел жүрегі – Астана» атты гала-

концерт ұйымдастырылып, озық шыққан үздік әндер сахна төрінде шырқалады.

Өтінімдер 2023 жылдың 10 маусымына дейін мына электрондық пошта арқылы қабылданады: elordainfo23@gmail.com.

Байқаудың ережесін elorda.info сайтынан көруге болады.



«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

## ТУЫМЫЗ ТҰҒЫРДАН ТҮСПЕСІН!



(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауымды мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, олар егемендік пен елдіктің ең басты белгісі екенін атап өтті. «Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – күллі халқымызға қастерлі нышандар. Біз үшін тәуелсіздік – ең қымбат құндылық, ал туымыздың асқақ желбірегені – аса биік мәртебе. Батыр бабаларымыз сын сағатта әрдайым бір тудың астында жиналған. Бөрілі байрақ күллі түркі жұртын біріктірген. Абылай ханның ақ туы бүкіл қазақтың басын қосқан. Алаш туы арыстарымыздың жігерін жанып, намысын қайраған. Біз бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келеміз. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде

тұр. Оны ғарышкерлеріміз көк жүзіне көтерді. Альпинистеріміз әлемнің ең биік шыңдарына орнатты. Спортшылар жеңіс тұғырынан желбіретіп, әнұранымызды шырқатты. Күллі әлем Қазақ елін көк байрағына қарап танитын болды» деді Мемлекет басшысы.

Президент қастерлі нышандарымызды құрметтеу әрбір азаматтың перзенттік парызы екеніне назар аударып, бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық мән-маңызына тоқталды. «Біз асыл құндылықтарымызды аяқ асты етуге жол бермейміз. Биыл мемлекеттік рәміздерді қорлаған адамдарды жазалау шаралары күшейтілді. Түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп жатыр. Отаншылдық мемлекеттік рәміздерді қастерлеуден басталады. Біз ұлттық

нышандарымызды ұлықтау арқылы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетеміз. Оларды отансүйгіштік, жасампаздық рухта тәрбиелейміз. Сондықтан бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық, тәрбиелік мәні айрықша» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент мемлекеттік рәміздер тарихымызды, өзіндік болмысымызды және халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысын айғақтайтынын атап өтті. «Мемлекеттік рәміздерде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтатын құдіретті күш бар. Айтулы мерекелер мен әлемдік дүбірлі спорт сайыстарында жеңіске жеткен кезде жүрегімізде Отанға деген сүйіспеншілік оты лаулап, елімізге деген мақтаныш сезімі пайда болады. Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы. Олар алға қарай нық қадам басып, биік мақсаттарға қол жеткізу жолында күш-жігер береді» деді Президент.

Салтанатты рәсім барысында жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды. Шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты маршпен жүріп өтті.

Ту көтеру рәсіміне Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Олжас Бектенов, мемлекеттік органдар басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия мүшелері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.

## ФОРУМ АЯСЫНДА КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗЕДІ

Ақорданың Telegram-дағы парақшасында осы аптада Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін іс-шаралар аңдатпасы жарияланды.

8 маусымда Мемлекет басшысы Астана халықаралық форумының пленарлық отырысында сөз сөйлейді. «Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: ынтымақтастық, өркендеу және прогресс жолында» атты форумға қатысушылар климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы, энергетикалық қауіпсіздік және басқа да мәселелерді талқылайды.

Мәртебелі қонақтардың қатарында Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад әл Тәни, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Босния және Герцеговина президентінің төрағасы Желька Цвинович, Халықаралық валюта қорының басқарушы директоры Кристилина Георгиева, ЮНЕСКО бас директоры Одрэ Азуле, БҰҰ Бас хатшысының орын-

басары, Азия және Тынық мұхитына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссияның (ЭСКАТО) атқарушы хатшысы Армида Алисджабана, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов және тағы басқалары бар.

Сонымен қатар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев форум аясында бірқатар екіжақты кездесу өткізеді.

## ШЕКАРАҒА САПАЛЫ ИНТЕРНЕТ КЕРЕК

Мәжілістегі Үкімет сағатында депутат Ерлан Сайыров шекараға жақын ауылдардың мәселесін көтерді.

Оның айтуынша, Қазақстанда шекараға жақын елуге жуық шағын ауыл бар. Сол ауылдардың жол, су, медицина, ұялы байланыс мәселесі әлі де өзекті. Ерлан Сайыров кейбір ауылдарда медпункт болса да, фельдшер болмайды. Ал кейбір ауылдарға жазда да, қыста да жету қиын екенін жеткізді.

«Шекаралық ауылдарда Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне кері әсер

ететін ең негізгі мәселе – шетелдік ұялы операторлардың жұмыс істеп тұрғаны. Мысалы, Қытайға қарайтын болсақ, Зайсан, Марқакөл, Тарбағатай, Мақаншы, Нарынқолда Қытайдың ұялы телефонының операторы істеп тұр. Ресей жақта Ресейдің ұялы телефоны қосылады. Өзбекстанмен де солай. Бұл – біздің елімізін тұтастығына, ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін мәселе» деді ол.

Бұл сауалға Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің орынбасары Асхат Оразбек былай жауап берді: «Облыс әкімдіктерінің ақпаратына сәйкес, Қазақстанның шекара аумағында 770 ауыл орналасқан. Оның ішінде 228-і шетелдік операторлардың ұялы байланыс сигналдары бар. Сондықтан, қазір осы қолжетімді интернет ұлттық жобасына сәйкес 2024-2027 жылдарда осы ауылдарда жай байланыс емес, сапалы интернетпен қамтамасыз етеміз».

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Венецияның негізгі су жолы Гранд каналы бір түнде жасыл түске боялды.

Ағынды судың түсінің өзгеруінің екі болжамы бар. Біріншісі, табиғат белсенділердің наразылығы болса, суретшілердің көркем акциясы да болуы мүмкін. Оны анықтау үшін табиғатты қорғау органдары су үлгілерін алды, олардың нәтижелері әлі жарияланған жоқ. Бұл жағдай қала тұрғындарының өміріне де, қонақтарына да қауіп төндірмейді, – деп атап өтті билік.



Париждегі Елисей алаңында диктант жазу сәтін әлемдегі ең ауқымды шара ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енгізді.

Оған бір мезетте 1397 адам қатысты. Француз тілін ұлықтаушылар француз жазушысы Альфонс Доденің «Менің диірменімнен келген хаттар» шығармасына үзінді жазды. Бұл күні көлік қозғалысына тосқауыл қойылып, диктант жазу кезінде ешкім алаңдамайтындай етіп бар жағдайды жасады.

Елімізде 130 мыңнан астам отбасы өткен жылы баспанаға қол жеткізген.

## АСТАНА ЖОСПАРДЫ АСЫРА ОРЫНДАДЫ



Премьер-министр Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін 111 млн шаршы метр жаңа тұрғын үй салу туралы міндет қойғанын атап өтті. «Өткен жылы 130 мыңнан астам отбасы баспана жағдайын жақсартта алды. Бұл ретте, жоспар асыра орындалған өңірлердің ішінде Астана, Алматы қалаларын және Алматы облысын атап өтуге болады. Өз кезегінде, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстарында жоспар орындалмай қалды» деді Әлихан Смайылов.

Ә.Смайылов халық тарапынан құрылыс жұмыстарының сапасына, олардың бей-берекет салынуына, уақытылы іске қосылмауына қатысты шағым өте көп екенін айтты. Үкімет басшысы тұрғын үй және инженерлік инфрақұрылымды іске қосу бойынша осы жылға арналған барлық жоспарлардың толық және уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді және 1 қыркүйекке дейін кезекте тұрғандардың тізімін белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан өзектендіруді тапсырды.

## АУДАН ЖӘНЕ ҚАЛА ӘКІМДЕРІ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин бір жыл бұрынғы республикалық референдумда Конституцияға енгізілген өзгерістердің маңызы туралы айтты.

«Бір жыл бұрын қазақстандықтардың басым бөлігі, яғни азаматтардың 77,18 пайызы республикалық референдумда ел Конституциясын өзгерту туралы заң жобасын жақтап дауыс берді. Конституцияға енгізілген түзетулер Президент, Парламент және сот институттарын реформалауды көздеді. Осылайша, Мемлекет басшысының 2022 жылдың 16 наурызында жарияланған Жолдауында айтылған ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасы Конституциялық тұрғыдан бекіді. Бұл референдум Қазақстан қоғамы үшін маңызды оқиға болды. Өйткені біз ел дамуындағы жаңа кезеңге қадам бастық» деп жазды Мемлекеттік кеңесші Telegram парақшасында.

Ерлан Қариннің пікірінше, ең бастысы, референдум – қоғамдық бірігудің жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Оны Президент және Парламент сайлауларында анық байқадық. «Жалпы, елімізде өте қысқа мерзімде жүзеге асырылған түбегейлі саяси реформалар аймақтағы бірегей құбылысқа айналды. Қазақстан жаңа күн тәртібін белгілеп берді. Конституциялық реформа мен соңғы сайлау циклі жаңа саяси жүйенің келбетін қалыптастырды. Президенттің саяси жаңғыру бағдарламасын іске асыру жалғаса береді. Алдымызда аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы тұр» деп сөзін түйіндеді Мемлекеттік кеңесші.

### СҮБЕЛІ СӨЗ

“” Ринат ЗАЙЫТОВ, Мәжіліс депутаты:

Қазір әуе компанияларында қазақтың ұлттық аспаптарына қарсы бір әдейі жоспарланған нәрсе сияқты жүріп жатыр. Домбыра – ішінде бірде-бір металл тұрмақ, қойдың шегі қарағайдың ағашынан басқа ештеңе жоқ, зиянсыз аспап. Әуе компанияларыңызға дұғай сәлем айтыңыз. Осы мәселені шешіп беріңіздер. Қазақтың саусаққа толмастай 4-5 ұлттық аспабы бар. Сол аспаптар ұшаққа кіргізуге рұқсат алсын. Егер қолдарыңыздан келмесе, онда Алматы, Астананың әуежайына жоқ дегенде 1000 домбырашанды қойып, «Адай» күйін ойнатып, жалынып сұрайық.

(05.06.23. Үкімет сағатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің орынбасары Азамат Бейісбековке айтқан сөзі)



Британ билігі заңсыз мигранттардың шығынын қысқартуға тырысуда.

Өткен жылы олардың саны соңғы жылдардағы рекордтық көрсеткіш болды. Ұлыбритания мигранттарды орналастыру үшін күніне шамамен 7 миллион фунт стерлинг жұмсайды. Сондай-ақ ол үкімет салық төлеушілерге қамқорлық жасауы керектігін және мемлекет ең алдымен, мигранттар алдындағы міндетін атқаруы керек екенін атап өтті.

## ЕУРООДАҚТЫҢ ЖҮЛДЕСІН АЛДЫ

Еуропалық Одақ елордалық №59 мектеп-лицейін Астанадағы энергия тиімділігі жоғары мектеп ретінде марапаттады. Іріктеу қаланың 100 оқу орны арасында өтті.



Индира  
БЕРЖАНОВА

Салтанатты рәсім «Орталық Азиядағы тұрақты энергетикалық байланыстар» жобасы (SECCA) аясында әрі

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы Тұрақты энергия күндері қарсаңында Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылды. Жиынға Еуропалық Одақ пен оған мүше елдер елшілігінің өкілдері, Астана қаласы әкімдігі мен білім басқармасының өкілдері, ұстаздар,

оқушылар мен ата-аналар қатысты.

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Кестутис Янкаускас Астана қаласы әкімдігінің отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Байсадықов «Энергия тиімділігі жоғары мектеп» номинациясы бойынша диплом мен арнайы жүдені мектеп директорына табыстап, оқушылар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруда, әрі мемлекеттің «жасыл» экономика жолында қосар үлесі барын айтты.

SECCA жобасының байқауында аталмыш мектептің «Жарқын болашақ үшін тұрақты энергия» тақырыбындағы суреті бірінші орын алған еді. Бұл сурет мектеп қабырғасына мурал ретінде салынады. Сондай-ақ Еуропалық Одақтың елшілері тұрақты энергетика тақырыптарын ілгерілету бойынша еуропалық тәжірибемен танысу үшін мектеп өкілін 2023 жылдың күзіне алдын ала жоспарланған Брюссельде өтетін оқу сапарына шақырды.

Марапаттау рәсімінен кейін мектеп оқушылары «Көміртегі шығарындылары азайтайық, жерді құтқарамыз!» атты электросамоқаттармен флешмоб өткізді. Оның мақсаты – көліктің ауаның ластануына әкелетін газдар шығарындыларының көп мөлшерін шығаратындығына қоғамның назарын аудару.

## ЖАҢА АУЛАЛАР АШЫЛДЫ

Рәміздер күніне орай Байқоңыр ауданындағы Ш.Иманбаева көшесі, 8, Бегенбай даңғылы, 56, А.Бараев көшесі, 13, С.Сейфуллин көшесі, 65/1, А.Сембинов көшесі, 24 мекенжайлары бойынша абаттандырылған жаңа аулалар тұрғындар игілігіне берілді.

Тұрғын үйлердің қасбеттерін ел байрағымен безендіріп, жаңадан ашылған аулалардың ашылу салтанатына тұрғындар көп жиналды. Арнайы шақырылған әскери оркестрдің сүйемелдеуімен патриоттық әндер шырқалды. Мерекелік шараға келген аудан тұрғындары өз пікірлерін білдіріп, қоғамдық кеңістіктің маңыздылығын айтты. «Бұл аула тұрғындары мен балалардың сейіл құратын сүйікті орнына айналады. Тұрғындар атынан алғыс айтамын,



– дейді 76 жастағы қала тұрғыны Сәуле Бәкеева қуанып.

Мерекелік көңіл күй сыйлағандардың қатарында түрлі ертегілердің кейіпкерлері аниматорлар да болды. Олар тұрғындар мен аула балақайла-

рын ойынға тартып, атаулы күннің есте қалуына күш салды.

Еркеназ ЗЕЙКЕН,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

## ЖАСТАР – ТАЗА ЕЛ САҚШЫСЫ

5 маусым – Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған эко-акцияға 500-ге жуық елордалықтар қатысты.

Бұл шара қала аумағынан тысқары, «Астана – Павлодар» автомобиль жолы трассасы бағытында орналасқан полигонда өтті. Іс-шараны Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану және Жастар саясаты жөніндегі басқармалардың қолдауымен «Студенттер мен жастардың құрылыс отрядтары республикалық қозғалысы» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Оларға полигон қызметкерлері мен жастар отрядтарының жетекшілері бағыт-бағдар беріп отырды. Бірыңғай

арнайы бас киім, жейде киген жасылдәлдіктер «Эко полигон» мекемесі дайындаған қапшықтарды қолдарына алып, айналадағы шашылған қоқыстарды жинастыра бастады.

– Көп адам қоршаған ортаның тазалығына мән бермейді. Иә, олар қоршаған ортаның тазалығын сақтау керек екенін түсінеді, біледі. Бірақ уақыттарын бөлгісі келмейді. Ең аяғы тұрмыстық қалдықтарды үйінен шығарғанда екіге бөліп, контейнерге салуға да ерінеді. Содан келіп «зауыт жұмыс істемейді,

полигон жұмыс істемейді» деп айтады. Бірақ бұл дұрыс емес қой. Әрбір адам үлес қоспай, біздің қадамымыз алға баспайды. Мысалы, полигондағы 60 адам, зауыттағы 100 адам не бігіреді? Соның өзінде тырысып, істеп жатыр. Міне, сондықтан ұйымдастырылып отырған акцияның маңызы зор, – деді акция туралы «Эко полигон» мекемесінің экологі Қаламқас Қулимбаева.

Аяулым ДАУЫЛБАЙ,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті

Жыл сайын 400 миллион тоннадан астам пластик өндіріледі, оның үшін бір бөлігі бір рет пайдаланылады және қайта өңделмейді.

Күн сайын пластмассадан жасалған 2000 қоқыс таситын көлік планетаның мұхиттарына, өзендері мен көлдеріне түседі. Бұл туралы өткен жексенбіде БҰҰ-да мәлім етті. Ұйым қауіпті қалдықтардың мұндай көлемі ауыр зардаптарға әкелетінін атап өтті. «Микропластика біз жейтін тағамға, ішетін суға және тыныс алатын ауаға айналады» деді БҰҰ Бас хатшысы.



Қытайдың Ухань қаласында өздігінен жүретін аспалы пойыздар қатынай бастады.

Монорельспен жүретін көлік 200 жолаушыны тасымалдай алады. Терезелері мен едені шыныдан жасалған. Жылдамдығы сағатына 60 шақырымға дейін жетеді. Сынақтан өткізіп жатқан көлікті жылдың соңында іске қосады. Мұндай көліктерді қалада таптырмас әрі ыңғайлы қатынау құралы ретінде пайдалануға болады. Метромен салыстырғанда аспалы көлікті салуға 4-5 есе аз қаражат жұмсалады.

Биыл елордада балалардың жазғы демалысы екі бағыт – сауықтыру және жұмыспен қамту бойынша ұйымдастырылады. Жалпы жазғы демалыстың барлық түрімен 197 869 оқушы қамтылады. 85 мектепте бастауыш сынып балаларына арналған мектеп жанындағы лагерлер жұмыс істейді.

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?



Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

Бірінші бағыт бойынша Ақмола облысының Ақкөл ауданында орналасқан «Арман», «Боровичок» жазғы сауықтыру-спорт лагерлеріне барады. Мұнда халықаралық, республикалық конкурстар мен дебат жүлдегерлері, дарынды балалар, білімде, спортта ерекше қабілет танытқан балалар жіберіледі.

– Жазғы уақытта балалардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, оның ішінде спортпен, шығармашылықпен және біліммен айналысу шараларын қолға алып жатырмыз. Қосымша тәрбие жұмыстары бағыты бойынша «Біз елорданы аралаймыз» экскурсиялық-сауықтыру лагері және «Естелік орындардан Қазақстанның киелі жерлеріне дейін» Қазақстанның киелі жерлеріне баратын туристік-өлкетану экспедициясы жоспарланады, – дейді Астана қаласы Білім басқармасы қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Гүлфара Сарамбетова.

Елорданың №68 мектеп-гимназиясының оқушылары Міржақып Дулатовтың туған жеріне экскурсияға, №48 мектеп-лицейінің оқушылары Ахмет Байтұрсынұовтың туған жері – Торғай өңіріне, №40 мектеп-лицейінің оқушылары Әлкей Марғұланның туған жеріне баруы жоспарланады. Сонымен қатар виртуалды саяхат-

тар жасау ұсынылады. Осы арқылы балалар ұлттық салт-дәстүрмен танысып, ұлттық құндылығымызды, тарихымызды кеңінен білетін болады.

### ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДА НЕ БОЛАДЫ?

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы – балалардың демалуы үшін әдемі және жайлы орын. «Балалықтың бойтұмары» атты жазғы демалыс академиясын 5 маусымнан 16 шілдеге дейін III маусымда 2 ауысымнан ұйымдастырады және жазғы демалысқа 500-ге жуық баланы қамту жоспарланып отыр. «Ұшқыр ой алаңы» пікірталас қозғалысы аясында 5-30 маусым аралығында 1 ауысымда «Жазғы пікірталас академиясы» ұйымдастырылады. Лагерь бағдарламасына сәйкес, «Парасат» пікірталас клубының шақырылған спикерлері тренинг өткізеді.

Маусым айында қаладағы Оқушылар сарайларында қолданбалы өнер, ағылшын тілін үйрену және тағы басқа қысқамерзімді балалар қызығып, әуестенетін хобби клубтары ұйымдастырылады. Сонымен қатар суда жүзу және спорт үйірмелері жеткіншектердің жазғы демалыс бағдарламасын ұсынады.

«Жасыл мектеп» жобасы жүргізілетін мектептерде маусымдық жұмыстар ұйымдастырылады.

## ҚАЛА ҚОЛАЙЛЫ БОЛУ КЕРЕК

«Қоғамдық орындарда – саябақтарда, скверлерде, жағалауда орналасқан 48 дәретхананың 4-5-еуі ғана ережелерге сәйкес жұмыс істейді.



Негізгі тақырып «қолжетімді және жайлы қоғамдық дәретханалар» бағдарламасын іске асыру болып табылатын қоғамдық тыңдаулар алдында әріптестермен және мониторингтік топпен бірге зерттеу жүргізілді. Антисанитария, жұмыс істемейтін есіктер мен судың болмауы ескертулердің толық тізімі емес. Көптеген жерлерде келушілер үшін есік жабық.

Елорданың миллионнан астам халқы мен туристері үнемі осы мәселеге тап болады. Әзірге дәретханалардың бірыңғай дизайны жоқ, сондай-ақ санитарлық-техникалық нормалар әзірленбеген. Кейбір дәретханаларды пайдалану үшін ақы алынады. Жа-

уапты органдар жұмыс істемейтін дәретханалардың қызметін бақылау керек. Оларды қолдануға ақша бөлінсе де, іс жүзінде елорда тұрғындары мен қонақтары үшін қолайсыздықтар бар. Соңғы аялдамаларда қоғамдық көлік жүргізушілеріне арналған дәретханалар жоқ.

Осыған байланысты жауапты органдар мен аудан әкімдеріне жедел тәртіпте депутаттарға қоғамдық дәретханалардың жұмысын жақсарту, техникалық нормаларды әзірлеу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және ұсынуды тапсырдым» деп жазды Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі жеке парақшасында.

# ҚАЗАҚ ҚҰРЫЛТАЙЫ ҚАНДАСТАР БАСЫН ҚОСАДЫ



Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері елімізде ұлтымызға қатысты тағдыршешті тарихи оқиғалар аз болған жоқ. Соның бірі Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы десек, бұл алқалы басқосудың әлемнің 40-тан аса еліне тарыдай шашылған қазақ халқы жөнінен мән-маңызы айрықша.

## Қалиакбар УСЕМХАНҰЛЫ

Ұлтымыздың бір елге, бір тудың астына жиналу процесіне кең жол ашқан бұл құрылтай қазірге дейін 5 мәрте шақырылды.

1992 жылы өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына әлемнің 33 елінен 800-ден аса өкіл қатысты. Азаттығымыздың айғағы болған бұл жиын тарихымыздың жаңа кезеңінің басы болды. Бұл басқосу қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанның белгісі болды. Тәуелсіздігін жаңа алып, қат-қабат қиыншылық қыспағында тұрған жас мемлекет – Қазақстан үшін бұл келелі кеңесті өткізу оңай болған жоқ. Қаражаттың тапшылығынан келген қонақтардың жатын орны мен 3 уақыт тамақ мәселесін шешудің өзі үлкен салмақ еді.

Алғашқы алқалы жиында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру, оның жарғысын бекіту, басшылық органдарын сайлау мәселелері талқыланды.

Құрылтай шешімімен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының алғашқы төрағасы болып ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары болып сайланса, Дәлелхан Жаналтай, Мырзатай Жолдасбеков пен Алтынбек Сәрсенбаев төралқа мүшелігіне көрсетілді.

Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайы 2005 жылы 28 қыркүйектен 2 қазанға дейін еліміздің жаңа елордасы – Астана қаласында өтті. Құрылтайға әлемнің 32 елінен 312 қандасымыз келді.

Үшінші құрылтайдың ерекшелігі іскерлік бағытта өткізілді. Құрылтайда мәдениет, оқу-ағарту, бұқаралық ақпарат құралдары және көші-қон мәселелерін қарастырған төрт секциялық мәжіліс өткізіліп, шетелдегі қазақтармен байланыс жасаудың өзекті мәселелері талқыланды. Көші-қон, оқу-білім, мәдени-рухани және бұқаралық ақпарат құралдар мәселелеріне айрықша көңіл бөлу сынды түйіндерге баса назар аударылды.

2011 жылы 25-27 мамырда Астанада өткен төртінші құрылтайға 35 шет елден 380 делегат, Қазақстанның әр аймағынан 300-ден астам адам қатысты. IV құрылтайдың делегаттарының 60 пайызы жастар болды.

Құрылтайда қандастарға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың нақты жолдарын айқындау, көші-қон туралы заң жобасының қайта қаралуы, «Нұрлы көш» бағдарламасының 2-кезеңінің жобасын жоспарлап қолға алу, қандастардың Қазақстаннан жан-жақты хабар алып тұруына жағдай жасау, ұлттық өнерді кеңінен тарату, шет елдерде кіші құрылтайлардың тұрақты өткізілуі және оған «Самұрық-қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қолдау көрсетуі және т. б. келелі мәселелер қаралды. Құрылтайда шетелде тұратын қазақ шет жұрты өкілдерін Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқуына жол ашу, сондай-ақ тарихи отанына инвестициялар орналастыру мүмкіндіктері секілді мәселелер талқыланды.

2017 жылы 22-25 маусым күндері Астанада өткен әлем қазақтарының V құрылтайына 39 мемлекеттен 350 қонақ де-

легат пен ел ішінен 350 қонақ қатысты.

Құрылтай аясында тұңғыш рет «Нұр Отан» партиясының қолдауымен «Жастар рухани жаңғыруды қолдайды» атты дүниежүзі қазақ жастары көшбасшыларының форумы өтті. Құрылтайда шетел қазақтарының Қазақстанмен байланыс жасаудың өзекті мәселелері негізінде әртүрлі тақырып бойынша дөңгелек үстелде талқыланды. Осы алқалы жиында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төралқа төрағасының бірінші орынбасары болып Зауытбек Қауысбекұлы сайланды. «Отандастар» қорын құру жөнінде тапсырма берілді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы 1,5 миллион қандасымыз атажұртқа оралды. Олармен бірге шетелден қазақтың тілі келді, салт-дәстүрі келді, ұмытылып бара жатқан, көз жазып қалуға айналған талай құндылығымыз келді. Ең бастысы «елге ел қосылса – құт» дегендей, санымыз өсті, қазақы санамыз нығайды. Сонау 91-жылы басталған сол ұлы көш бүгінге дейін бұйдасын іріккен жоқ, әлі келіп жатыр, болашақта да келе бермек. Өйткені әлемнің 40-тан астам



Еліміз тәуелсіздік алғалы 1,5 миллион қандасымыз атажұртқа оралды. Әлемнің 40-тан астам елінде әлі де 5 миллионнан артық қандасымыз өмір сүріп жатыр

елінде әлі де 5 миллионнан артық қандасымыз өмір сүріп жатыр. Бұл аз сан емес, көршіміз – Қырғыз елінің халық санымен қарайлас көрсеткіш. Егер сол қандастарымыз түгел атажұртқа оралса, біздің елдің халық саны 25 миллионнан асып, елдегі демография мәселесі оң шешімін тауып, «бос жатқан жерімізге» әркім сұғын қадамас еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «Шетелдегі қандастарымызды атамекенге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған

емес, қалмайды да. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің парызымыз» деп қадап тұрып айтқанын ескерсек, қандастар мәселесі қашанда өзекті тақырып.

2017 жылы ашылған 5 құрылтайда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Отандастар» қорын құруды тапсырып, осы қор арқылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына шетелдегі ағайынмен байланыс жасауды міндеттеген болатын. Алайда өткен 5 жылда бұл қор мен қауымдастық қоян-қолтық жұмыс істей алған жоқ. Керек десеңіз, қауымдастықтың бар-жоғы білінбей кетті. Тіпті құрылғанына 30 жыл толған айтулы сәтте де қауымдастық жағынан үлкен шаралар өткізілген жоқ.

Жаңа Қазақстан құру ісінде қандастар мәселесі де қаперден қағыс қалмауы тиіс. Сондықтан биыл әлем қазақтарының 6-құрылтайын шақырып, басшыларын қайта сайлап, қауымдастық жұмысын Ұлттық құрылтаймен үндестіріп, Жаңа Қазақстан ұғымымен ұштастырып жіберсе, нұр үстіне нұр болғалы тұр.



Қазақстанның өзіндік айрықша пирамидасы 2006 жылы 2 қыркүйекте салтанатты түрде ашылды. Бейбітшілік, келісім және толеранттылық идеясы ұялаған күмбездегі 130 көгершін бірегей ғимараттың мән-мағынасын ашып, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерінің өткізілетін орны болып бекітілді.



## БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ САРАЙЫ


### Айгүл УАИС

Бейбітшілік және келісім сарайын әлемге әйгілі архитектор Норман Фостердің жобасымен «Сембол Иншаат» Түркия құрылыс компаниясы салды. Осы кешеннің ең басты ерекшелігі ғимараттың Фибоначчидің алтын қима принципіне сәйкес күрең-алтын тонда жасалып салынған. Сарайдың

негізі биіктігі мен ені 62 метр болатын шаршымен қаланған. Мұнда көрме залдары, конференц-зал, қысқы бақ, 1500 көрерменге арналған концерт және опера залы бар. Сахна жанында 80 музыкантқа шақталған 2,8 метрлік оркестрлік орын орналасқан. Бейбітшілік және келісім сарайында көрме алаңдары мен конференц-залдар, жеке опера театры және панорамалық лифт бар. Негізгі баспалдақ

әртүрлі көрмелер өтетін ең үлкен «Атриум» залына апаратын, ал пирамиданың ең жоғарғы жағында әлемдік діндер съезі өткен «Бесік» конференц-залы орналасқан. Сарайдың 6-қабатында көрмелер ұйымдастырылатын «Құланшы» заманауи өнер орталығы орналасқан. Пирамиданың ең үлкен залы – 2000 шаршы метр ауданды алып жатқан «Хеопс атриум» мерекелік залы.

Бейбітшілік және келісім сарайы – өзіндік ерекшелігімен, сән-салтанатымен көзге түсіп қана қоймай, қазақ халқы үшін достықты, бірлік пен татулықты бейнелейтін ерекше маңызды ғимарат. Пирамида көптеген діндердің үш негізгі ұғымын бейнелейді: қара түс – жердің астыңғы бөлігін, ақ түс ортаңғы бөлігі – әлемді бейнелейді, көгілдір аспан – пирамиданың ұшар шыңы. Бейбітшілік және



келісім сарайының салтанатты ашылуында әлемдік опера жұлдызы Монсеррат Кабалье ән салып, өнерсүйер қауымды тәнті етті.

Заманауи өнер орталығында әртүрлі өнер туындыларын тамашалауға, уақытша көрмеге баруға немесе отандық, шетел суретшілерімен шығармашылық кездесуге баруға болады. Жасыл террасалардың әдемі көріністерін тамашалауға мүмкіндік

беретін ашық лифт кабинасында (және тігінен емес, диагональ бойынша) жоғары көтеріледі. Әлемнің түкпір-түкпірінде өсетін гүлдерін аспалы бақта көре аласыз. Түнде витражды күмбез ішкі жағынан жарықтандырылып, жер шарын мекендеген халықтардың мәдениеттері мен діндерінің бірлігі мен татулығы жолын көрсеткен жарық жұлдыздай жарқырайды.



## РӘМІЗДЕР КҮНІ РӘУІШТЕРІ

Елордада мәртебелі мерекеміз – Рәміздер күнінде қала тұрғындары мен қонақтары үшін көптеген мәдени-тағылымды іс-шара өтті. Астананың әрбір ауданында, әрбір саябағы мен ауласында концерттер, спорт жарыстары, балаларға арналған ойындар мен байқаулар ұйымдастырылды.

### КӨК ТУДЫ ЖЕЛЫРЕТКЕН КӨЛІКТЕР

Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен көліктер шеруі өтті. 40-қа жуық жеңіл көлік пен 10 шақты мотоцикл Қазақстанның мемлекеттік туын желбіретіп, рәміздер алаңынан бастап Отан қорғаушылар алаңына дейін барды.

Бұл шеруде автоволонтерлер «Lada Granta Astana», «Skoda Astana», «Camry family Astana» секілді маркалы көліктерді тізгіндеді. Солардың бірі «Lada Granta» автокөлігінің өкілі Вера Колодий мұндай автокөлік шеруіне үнемі қатысып тұратынын жеткізді. Осылайша ол қалада өтетін мәдени іс-шараларға әрдайым қолдау көрсетеді.

– Мемлекеттік рәміздер – кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін ажырамас атрибуттың бірі. Шеру кезінде қала тұрғындары мен қонақтары бізге назар аударады әрі фото-видеоға түсіреді, – деді ол.

Қала тұрғындары мен қонақтарын мерекелен Автомото федерациясының президенті Анатолий Бондарь құттықтады. Автокөлікті тізгіндеуді ұнататын азаматтар бір мезетте шеруге қатысып, көрермендерге керемет эмоция сыйлады. Жалпы көліктер шеруі елордада 2017 жылдан бастап дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

### ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ҚУАНДЫ

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері балкондарға ту ілу чөлленджін ұйымдастырды. Осы іс-шара аясында елордада көпқабатты үйлердің балқонына 300-ден астам ту ілінді.

Көпқабатты үйлердің бал-

қонына ту ілу акциясы жыл сайын елімізде 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер күні мерекесіне арналады. Астана қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы еріктілерге қаланың барлық ауданындағы тұрғын үйлер балқондарына ілуге 330 ту берді. Оның 150-і Сарыарқа ауданына бөлінді. Қала бойынша ту ілу жұмысына шамамен 50 адам қатысты.

Қарсылық танытқандар болған жоқ, тұрғындар бұл чөлленджді өте жақсы қабылдап, мемлекеттік туды ілуге қуана кіріскен. Мұндай іс-шаралар азаматтардың бойындағы патриоттық рухты тәрбиелеп, мемлекеттік нышандарға деген құрметін арттыра түсті.

### БІР МЕЗГІЛДЕ ӘНҰРАН АЙТТЫ

«Менің туым – менің мақтанышым!» атты чөллендж аясында Астана қаласының Байқоңыр ауданы әкімдігі аппаратының қызметкерлері мен Әскери-патриоттық орталық қызметкерлері бірлесіп, әнұранды шығарды.

Іс-шараға Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев, Қарулы күштердің Әскери-тарихи мұражай қызметкерлері, жас сарбаздар мен аудан тұрғындары қатысты. – Мемлекеттік рәміздер халқымыздың тарихы мен тағдырын, ұлы мақсаттарға ұмтылысын білдіреді. Бүкілхалықтық сипатқа ие болған бұл мереке баршамызды жұмылдырып, ұлттық сананы оятып, патриоттық сезім сыйлап жатыр. Тәуелсіздікке қол жеткізу тарихында төл рәміздеріміз дүниеге келген күн – ерекше сәт. Мемлекеттік рәміздеріміз тек көркем образ ғана емес, тәуелсіз мемлекет құру идеясының жаршысы, ізгі сезімдерді адамдардың жан дүниесіне сіңіруге қызмет етеді.

Қыран бейнелі көк туымыз, басқаға ұқсамайтын шаңырақ шырайлы дара елтаңбамыз, әнұранымыздың әсем әуені мен әдемі мәтіні тәуелсіз еліміздің атынан әлем алдында ресми белгілерге айналды, – деді өз сөзінде аудан әкімі.

Сондай-ақ қаланың 14 сауда орталығында бір мезгілде әнұран шырқалды. Ал Байқоңыр ауданында бес жаңартылған аула ашылды.

### КЕРНЕЙЛЕТКЕН КОНЦЕРТ

Елордада «Әскери керней» музыкалық фестивалі аясында әскери оркестрлердің плац-концерті өтті. Есіл өзенінің жағалауындағы амфитеатрда өткен дәстүрлі фестиваль биыл оныншы рет ұйымдастырылды.

Бұл концерттің мақсаты – елдің рухын көтеріп, әскери музыканы насихаттау және өскелең ұрпақты патриоттыққа ұжымдар әлемдік классика мен халық арасындағы рухты әндерді жоғары шеберлікпен орындады. Фестиваль барысында Ұлттық ұланның әскери оркестрлері арасында байқау да өтті.

– Іс-шараны ұйымдастыруда көрсеткен қолдауы үшін Астана қаласының әкімдігіне ерекше алғыс айтамын. Соның нәтижесінде Қазақстанның үздік әскери оркестрлері елорданың мәдени алаңдарында өзінің музыкалық шеберлігін көрсетті. Барлық



музыкалық ұжым мүшелеріне зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін, – деді Ішкі істер министрінің орынбасары – ҚР Ұлттық ұланының бас қолбасшысы Еркін Ботақанов.

Жыл сайын ұйымдастырылатын әскери оркестрлер фестивалі бас қаладағы маңызды мәдени іс-шараның біріне айналды. Сондықтан әр кез Астана тұрғындары мен қо-

нақтарына жарқын әсер қалдырып келеді. Бұл жолы да концерт бағдарламасы әскери, классикалық, халықтық және эстрадалық музыка, дефиле шеруі, плац-концерт және әскери қызметшілердің қару-жарақпен көрсетілімінің органикалық түрде үйлесімімен өтті.

### ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰРАҒЫН ҚЫЗЫҚТАДЫ

Астанада «Аламан құрақ» жобасы аясында қолөнершілер жәрмеңкесі және ұлттық киімдер дефилесі өтті. Қазақ елі алаңында өткен жәрмеңкеге еліміздің әр өңірінен келген 250 қолөнерші қатысты.

Жәрмеңке таңертеңнен кешке дейін созылды. Қала тұрғындары мен қонақтары қолөнершілердің құрақ көрпелерін қызықтап, оның тарихы мен жасалу жолы туралы мол мағлұматқа қанықты.

– «Аламан құрақ» жобасында қолөнершілердің жәрмеңкесі, ұлттық киімдер мен заманауи стильде тігілген киімдердің сән үлгісі көрсетілді. Мақсат – қазақ қолөнерінің тарихын насихаттап, ұлттық құндылықтарды келешек ұрпаққа жеткізу. Қатысушы ісмерлердің құрақ көрпелерінің барлығы бір түсті, бірдей оюлы болды. Қолөнершілердің арасында көпбалалы аналар, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған аналар бар, – деді жоба ұйымдастырушысы Зиуар Жұманова.

Жоба аясында елордада ұзындығы 500 метрлік құрақ көрпе тігілді. Ту түстес қолөнер туындысын 250 шебер жасап шыққан. Бұл ерекше көрпе Гиннес рекордтар кітабына енді. «Аламан құрақ» жобасы «Қазақтың құрағына әлем керек» деген ұранмен ұйымдастырылды.

– Біздің осы жобаны ұйымдастырудағы мақсатымыз – қазақтың құрағына әлем керек» деген ұғымды енгізу және халқымыздың ауызбіршілігін көрсету. Өйткені 200-ден астам қатысушы көрпені бір түсте, бір техникада тігіп келді, – деді қолөнер шебері Нұргүл Абайханқызы.



Оңалхан ӨНЕРХАН







# ЕЛІНЕ ӘНІМЕН ТАҒЫМ ЕТТІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония сахнасында Қазақстан мен Татарстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржамал Үсенбаеваның шығармашылық кеші өтті. «Еліме тағым» концерті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне, ұстазы Бекен Жылысбаевтың 100 жылдығына арналды. Кеште Нұржамал Үсенбаева өзінің бай, әр алуан репертуарын көрерменге паш етті.

## Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Еліме тағым» концерті Татарстанның Халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның құрметті профессоры, шақырылған маэстро Ренат Салаватовтың жетекшілігімен, филармонияның симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен ұйымдастырылды.

Елорда және қала қонақтарын таңғалдырған тамаша концертте елорда филармониясының камералық хоры өнер көрсетті. Астана сахнасында әлемдік және отандық операның майталмандары, өнер жұлдыздары ән шырқап, Мемлекеттік рәміздер күнінің көрігін қыздыра түсті.

Нұржамал Үсенбаеваның орындауындағы Мұқан Төлебаевтың «Бақыт вальсі», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» опе-

расынан Ажар ариясы – қазақ ұлттық операсының жауһарына айналған туындылар.

Нұржамал Үсенбаева – еліміздің ұлттық опера өнерінің болашағына талмай еңбек еткен ерек өнер иесі. Осы бенефисінде ол М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсынан әйгілі «Айтысты» әнші, концерттің арнайы қонағы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері тенор дауысты Медет Шотабаевпен дуэтте шырқап, көрерменнің зор ықыласына ие болды, зал толы халық шебер орындаған керемет дуэтті ду қол шапалақпен құрметтеп отырды. Жоғары мәртебелі музыка салтанат құрған кеш әлемдік және қазақ опера маэстроларының өнерін, өлшеусіз еңбегін тағы бір жарқыратып көрсетті. Залда ине шаншар орын қалмай, кеш қонақтары, көрермендер музыканттарды гүлмен көмкеріп, шексіз алғысын білдірді. Концерт аншлаппен өтті.

«Музыкада шекара жоқ» дегендей, чех опера әншісі, Еуропа өнер одағының көркемдік және мәдени қызмет саласындағы ең жоғары марапаты – «Алтын Еуропа» (Golden Eurorea) иегері Филип Банджак салған әуен адамзат тудырған тамаша опера туындыларының ғұмыры ұзақ боларын тағы бір дәлелдеді, маэстроның елорда сахнасында өнер көрсетуі астаналықтардың биік талғамын, мықты таңдауын көрсетті, ерекше әсер етті.

Бұл концертте айрықша дуэт астаналықтарды дүр сілкіндірді. Нұржамал Үсенбаевамен бірге Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы музыкалық театрының солисі, Өзбекстан, Қарақалпақстан және Башқұртстан Республикаларының Халық әртісі Жеңісбек Пиязов Т.Мұхамеджановтың «Мен сенімен кездестім» шығармасын орындады.



Өзбекстанда тұратын қандасымыз Жеңісбек Пиязовтың өзбек басшысы Шавкат Мирзиёевтің қолынан «Халық әртісі» атағын алғаны белгілі. 33 жасында бұл атаққа лайық деп танылған Жеңісбек – әлемге әйгілі «Ла Скала» театрының сахнасында ән шырқаған тұңғыш өзбекстандық әнші. Өнерлі отбасынан шыққан Жеңісбекті көпшілік студент кезінен-ақ «Халық әртісі» деп атап кеткен екен. Жеңісбек бұл жолы қазақстан-

дық маэстролармен бірге елорда сахнасына шығып, кешті қыздыра түсті. Жеңісбекпен болған сұхбатымызды газетіміздің алдағы санынан оқи аласыздар.

Елге өнерімен тағым еткен Нұржамал Үсенбаева мен кештің құрметті қонақтары, әншілер, музыканттар Дж.Росинидің «Севиль шаштаразы» операсынан Фигаро ариясы, Бернард Херрманнның «Citizen Kane» операсынан Саламбо ариясы, Дж.Пуччинидің «Турандот» операсынан Ка-

лафа ариясы, В.Херберттің «The Enchantress», Мануэль Понсенің «Estrellita», Агустин Лараның «Гранада» ариясы, Д.Модуньоның «Volare» секілді опера өнерінің керемет туындыларын көрермендерге ұсынды.

Концерттің соңында барлық орындаушы бірлесіп орындаған Т.Мұхамеджановтың «Отан» шығармасы шырқалған сәтте көрермендер орындарынан тұрып, мәртебелі музыка иелеріне зор құрмет көрсетті.



## АСТАНАДА – АЛАМАН БӘЙГЕ

Елордада Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Қазанат» атшабарында республикалық деңгейде аламан бәйге өтті. Бәйгенің жалпы жүлде қоры – 20 млн теңге.

**А**ламан бәйгенің ашылу салтанатына Астана қаласы ұлттық және олимпиадалық ат спорт түрлері федерациясының президенті Ерлан Каналимов, Қазақ ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты.

«Шараны ұйымдастыруға атсалысқан ұлттық және олимпиадалық ат спорт түрлері федерациясы мен Қазақ ұлттық спорт түрлері қауымдастығына алғысымды білдіремін. Еліміздің 20 өңірінен келген 100-ге жуық жүйтікпен жүйік пен шабандоздарға сәттілік

тілеймін» деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен бәйгенің ашылу салтанатында.

Бәйгеде 4 түр бойынша жеңімпаздар анықталды.

**Құнан бәйге (7 км):**

1-орын: Сұлтан Төрехан (ШҚО) – 2 млн теңге; 2-орын: Дарын Сақтабек (Қарағанды) – 1 млн теңге; 3-орын: Мейір Нұрболатов (Астана) – 500 мың теңге.

**Жорға жарыс (7 км):**

1-орын: Чубак Жайлаубеков (Аста-

на) – 2 млн теңге; 2-орын: Шабдан Алмазбекұлы (ШҚО) – 1 млн теңге; 3-орын: Асқарбек Жеңісев (Алматы облысы) – 600 мың теңге.

**Топ бәйге (12 км):**

1-орын: Бекзат Ділдахан (Алматы облысы) – 2 млн 200 мың теңге; 2-орын: Абдықал Асланбек (Астана) – 1 млн 300 мың теңге; 3-орын: Рымхан Нұртілеу (Астана) – 900 мың теңге.

**Аламан бәйге (18 км):**

1-орын: Абдықал Асланбек (Астана) – 4 млн теңге; 2-орын: Аңсар



Сұлтан СЕЙІТ



Арыстанбек (Жамбыл облысы) – 2,5 млн теңге; 3-орын: Бекзат Ділдахан (Алматы облысы) – 1,5 млн теңге.

– Бәйгеде Шығыс Қазақстан облысынан 4 ат келген еді. Құнан бәйгеде біздің тұлпарымыз топ жарды. Өкінішке қарай, жорға бәйгеде мен мінген ат күннің ыстығына шыдамай, бұрлығып

мәреге жете алмадым, – деді шабандоз Жан Қоқанбаев.

Жарыс соңында лотерея ойнатылып, сыйлық жеңімпаздары анықталды.

**Жансая АБИРБЕКОВА,**  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті